

Осы шарт Жауапкершiлiгi шектеулi серiктестiгi «Уалихан» бөбекжай бақшасы атынан меңгерушi Г.Байташова және «Балапан»

топқа баратын баланың ата-анасы Есенбекова Нұрсұлу арасында жасалды.

Аталған шарттың мақсаты баланы оқыту, тәрбиелеу, қарау, күту және сауықтыру кезінде туындайтын өзара қарым-қатынасты айқындау және реттеу болып табылады.

1. МДҰ баланы топқа денсаулық жағдайы туралы анықтаманың, ата-аналармен жасалған шарттың негiзiнде қабылдайды және баланы қорғауды, оның дене және психикалық денсаулығын нығайтуды, тәрбиелеудi, оқытуды, күтудi, қарауды, зияткерлiк және жеке дамуын, эмоциялық қолайлықты қамтамасыз етудi мiндетiне алады.

2. МДҰ баланың эмоциялық жеке қарым-қатынасқа деген қажеттiлiгiн, шығармашылық, қызығушылық қабiлеттерiн дамыту мен оқытуды қамтамасыз етедi.

3. МДҰ өз қызметiнде ҚР Бiлiм және ғылым министрлiгi бекiткен МДҰ-ның қызметiн реттейтiн құжаттарды, қосымша бiлiм берудiң ақылы қызметi туралы ереженi, мектепке дейiнгi тәрбие мен оқыту бойынша өзге де нормативтiк құжаттарды басшылыққа алады.

4. Төлем тәртiбi:

- Тамақтану үшiн – баланың МДҰ-да күндерiнiң санына тең.
- Баланы күтiп-ұстау құны ҚР заңнамалық құжаттарындағы, «Түркiстан облысы Адами әлеуеттi дамыту басқармасының Келес аудандық адами әлеуеттi дамыту бөлімі» ММ бұйрықтарындағы өзгерiстерге байланысты ұлғаю немесе азаю жағына қарай өзгеруi мүмкiн.
- Баланың бақшада тәрбиеленуi мен тамақтануының төлем ақысы бiр күнтiзбелiк айға 7000 (жетi мың) теңгенi құрайды.
- Төлем әр айдың 10 – на дейiн жүргiзiлуi тиiс.
- Төлем қолма-қол негiзiнде жүргiзiледi.

5. Бала ауырған жағдайда, санаториялық-курорттық емдеуден өткен кезде, жазғы сауықтыру кезеңiнде күнтiзбелiк 60 күндiк мерзiмге ата-аналарының демалысы кезiнде баланың МДҰ-дағы орны сақталады.

6. Ата-аналар

- балалармен жұмыс iстеудi, МДҰ-да бiлiм беру қызметiн ұйымдастыруды жақсарту туралы ұсыныстар енгiзуге;

- осы шартта белгiленген жағдайларда баланы қарауды, ұйымда ұстауды, тәрбиелеу мен оқытуды талап етуге;

- түрлi ата-аналар қауымдастығын, клубтар, ассоциациялар құруға;

- сабақтарға, режимдiк сәттерге, есептiк концерттерге қатысуға;

- педагогтардың топтағы жұмыстары туралы есептердi тындауға **құқылы**.

7. Ата-аналар

- **этикалық нормалардың бұзылуына жол бермеуге**, МДҰ қызметкерлерiне сыйлы қарым-қатынас көрсетуге;

- баланың ұйымда ұстау төлемiн **ағымдағы айдың 10-на дейiн** уақытылы төлеуге **мiндеттi**.

Төлемақыны белгіленген мерзімінен күнтізбелік 15 күннен астам кешіктірген жағдайда, (ҚР Үкіметінің 17.05.2013 ж. №499 Қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының «Басшы баланы мектепке дейінгі ұйымдардан баланы мектепке дейінгі ұйымда ұстау үшін ай сайынғы төлемақыны белгіленген мерзімнен күнтізбелік 15 күннен астам кешіктіру жағдайларында шығарады» - делінген 13 тармағының 1) тармақшасының негізінде бала МДҰ-дан шығарылады;

- бала келмеген бірінші күні таңғы сағат 09.00-ге дейін баланың МДҰ-ға келмеу себебі туралы тәрбиешілерді хабардар етуге;
- баланың МДҰ-да болмаған күндері аяқталардан бір күн бұрын оны тамақтандыру тізіміне қосуға міндетті;
- баланың белгісіз себептермен болмаған барлық күндері ұйымда ұстаудың толық мөлшерінде төленеді;
- баланы күнделікті сағат 08.30-ға дейін тәрбиешіге тікелей тапсыруы тиіс. Баланы тек тәрбиешіден ғана алу керек, оларды 16 жасқа толмаған тұлғаларға беруге болмайды;
- әкімшілік баланың балабақшада зергерлік бұйымдарын жоғалтқаны үшін жауап бермейді.
- 2-тармақта көрсетілген пәндер бойынша үйде дайындалуға жағдай жасауды қамтамасыз етуге;
- тәрбиешілер мен медицина қызметкерлерінің ұсынымдарын орындауға;
- баланың бойында үлкендермен және құрдастарымен әлеуметтік адамгершілік мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға міндетті.

8. Ата-аналар шартта жүктелген талаптар мен міндеттер үшін толық жауапкершілікте болады.

9. Осы шарт келесі тараптың жазбаша ескертуінен кейінгі кемінде 10 күнгі мерзімде біржақты тәртіпте бұзылуы мүмкін.

10. Осы шарт әр тарапқа бір бірден арналған, бірдей күші бар екі данада жасалады, қол қойылған кезден бастап барлық оқыту кезеңінде қолданыста болады және тараптардың жазбаша келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

11. Тараптардың мекенжайлар:

МДҰ-ның заңды мекенжайы:

Біргілек а/о Оразата а Акбидай №50

Менгеруші

Г.Байташова

(Т.А.Ә)

2024 ж. « 01 »



Үйінің мекенжайы:

Оразата ауылы

Ата-ана

Н.Есенбекова /

(Т.А.Ә)

(қолы)

2024 ж. « 01 » 09

Бір данасы қолына беріледі: _____

(қолы)